

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
Ректор У. Умбетов
Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 7 хаттама, «23» _____ 2024 ЖЫЛ



РЕКТОРАТ МӘЖІЛІСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2024

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына және университет Жарғысына сәйкес университеттегі, оның құрылымдарындағы оқу-әдістемелік, ғылыми, әлеуметтік, тәрбие, қаржы-экономикалық және шаруашылық мәселелері ректоратта қаралады.

1. Университет ректоратының құрамына: ректор, департамент басшылары, факультет декандары, Орталықтар жетекшілері, бас есепші, университет қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, студенттік кәсіподақ ұйымының төрағасы, жалпыуниверситеттік кафедра меңгерушілері кіреді.

2. Ректорат төрағасы университет ректоры болып табылады.

3. Ректорат жұмысын қамтамасыз ету үшін университет ректорының бұйрығымен ғылыми хатшы тағайындалады.

4. Ректор мынадай міндеттерді атқарады:

– оқу процесін ұйымдастыру мен оның әдістемелік қамтамасыздығы, ғылыми зерттеулер, тәрбие жұмыстары және шаруашылық істері бойынша шешімдер қабылдайды;

– студенттер қабылдау жөніндегі шаралар жоспарын жасап, университеттің факультеттері мен құрылымдық бөлімшелерінің штаттарын бақылайды;

– халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша жұмыстарды үйлестіреді;

– келісімшарт бойынша оқытудың тәртібі мен оқу құнын бекітеді;

– оқытушыларды, қызметкерлер мен студенттерді ынталандыру, кәсіптік конкурстар өткізу тәртібі туралы ережені бекітеді;

– бюджеттен тыс қаржылардың ғылыми-техникалық және әлеуметтік даму үшін пайдаланылуын, материалдық қордың пайдаланылуын үйлестіріп отырады;

– университеттің факультеттері мен құрылымдық бөлімшелерінің оқу, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-экономикалық, әкімшілік-шаруашылық жұмыстары жөніндегі есептерін тұрақты тындап отырады;

– Басқа да мәселелерді қарайды.

5. Ректораттың мәжілісі бір айда бір рет өткізіледі.

6. Ректорат шешімі көпшілік жәй дауыспен қабылданады және егер, мәжіліске оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысса, заңды деп табылады. Ректорат мүшелерінің ұйғаруы бойынша шешімдер ашық не жасырын дауыспен қабылданады.

7. Ректорат шешімін университет ректоры бекітеді.

8. Жекелеген мәселелерді зерттеп, дайындау үшін ректорат ректор бұйрығымен тағайындалатын тиісті комиссия құру туралы шешім қабылдауға құқылы.

9. Ректорат мәжілісі хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға Ректор және ғылыми хатшы қол қояды.

10. Ректор ректораттың шешімдерінің орындалуына тұрақты бақылау жасап отырады.

11. Ғылыми хатшы қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ректорат мүшелерін хабардар етіп отырады.

12. Ректорат университеттің Ғылыми Кеңесі бекітіп отыратын, әр оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сай жұмыс жүргізеді.